

FTAXP 06.81.12
ӘОЖ 334.72

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-2-136-142>

Р.Қ. ЕЛШІБАЕВ,*¹

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор.
*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

А.М. ДЖУСУПОВА,²

докторант.
e-mail: 20210584@turan-edu.kz

Н.Е. АБДИЛЬДИНОВА,³

PhD докторы.
e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

Д. СЕРАФИМОВА,⁴

PhD.
e-mail: serafimova_d@ue-varna.bg

¹Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан

²«Тұран» университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Esil University, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

⁴Экономикалық университет – Варна, Варна қ., Болгария

АКЦИОНЕРЛІК НЫСАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мақалада елімізде кәсіпкерліктің ұйымдық ерекшеліктері: акционерлік қоғамдар қарастырылған. Акционерлік қоғамдарға қатысты негізгі заңдар мен заңнамалық құжаттарды негізге ала отырып, акционерлік нысандағы кәсіпорынды ашу, қызметін ұтымды ұйымдастыру бойынша негізгі ережелер жүйеленген. Акционерлік қоғамдардың құрылуы мен тиімді жұмыс жасауына қажетті алғышарттар ашылып жазылған. Жарғылық капиталының қалыптасуы қарастырылған. Сонымен қатар акционерлік қоғамның негізгі құрылтай құжаттары, басқару органдары, тарату және қайта ұйымдастыру жағдайлары да жан-жақты зерттелген. Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандарының ерекше бір түрі ретінде қарастырылып, оның қор нарығымен өзара байланысы анықталған. Акционерлік қоғамдардың негізгі артықшылықтары айқындалып, ұлттық экономика жүйесіндегі орны мен рөлі бойынша тұжырымдар жасалған. Акционерлік қоғамдардың экономиканы дамытудағы рөлі нақты деректермен негізделген. Елімізде кәсіпкерлікті дамытуда акционерлік нысанның маңызы, қажеттілігі қарастырылған. Акционерлік қоғамдардың басқа ұйымдық нысандармен салыстырғандағы өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып даму жолындағы кедергілер айқындалған. Қазақстанда қор нарығының қажетті деңгейде дамымауы акционерлік қоғамдар қызметіне айтарлықтай әсер еткен. Сондықтан қор нарығын дамыту, акционерлік қоғамдардың инвестициялық тартымдылығын, акцияларының өтімділігі мен нарықтық құнын арттыру басты мәселелердің бірі болып табылады.

Тірек сөздер: акция, директорлар кеңесі, дивиденд, жарғылық капитал, инвестор, акционерлер жиналысы, инвестиция.

Кіріспе

Елімізде ұлттық экономиканың негізгі буыны саналатын кәсіпорын қызметін ұйымдастыру, басқару, тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекет алдындағы қысқа және орта мерзімді мақсаттар мен міндеттерді шешуде бизнес субъектілерін ұтымды ұйымдастыру мен дамытудың маңызы жоғары. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 ж. Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 ж. қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу, еңбек өнімділігін 30 %-ға арттыру», – деген болатын [1]. Осы мақсатқа жетуде бизнестің акционерлік нысаны өзіндік ерекшелігінің арқасында басымдыққа ие болады.

Қазақстанда шағын және орта бизнесті ұйымдастыру, дамыту және мемлекеттік қолдау бойынша бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылып жатқандығы белгілі. Алайда, экономиканың тұрақтылығы мен қарқынды дамуын қамтамасыз етуде, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуда шағын және орта бизнес субъектілерімен қатар, орта және ірі бизнестің де алатын орны мен маңызы жоғары. Сондықтан да Президентіміз жолдауда бұл мәселеге арнайы тоқталып, айрықша атап өтті. Ал, орта және ірі бизнестің басым бөлігін шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар құрайтындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда акционерлік қоғамдар қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жүргізу барысында анықталған мақсатқа жету, зерттеу нәтижелерін негіздеу үшін теориялық тұжырымдау, жүйелеу, экономикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістердің әрқайсысы өзінің функционалдық мүмкіндіктері және әрбір зерттеу кезеңдерінде сәйкес міндеттерді шешу қабілеттеріне қарай пайдаланылды.

Негізгі ережелер

Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін өзінің экономикалық даму стратегиясын қалыптастыру жолында бірқатар реформаларды жүзеге асырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарықтың басты талабына сәйкес меншіктің түрлі нысандары қалыптасып, әралуан кәсіпкерлік субъектілері құрылды. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру нысандарының бірі ретінде акционерлік қоғамдар да өз қызметін жүзеге асырды. Акционерлік қоғамдардың қызметі алғашқыда 1998 ж. 10 шілдеде қабылданған «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға негізделді. Уақыт өте келе бұл заңға өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Сонымен қатар еліміздің инвестициялық климатын жақсарту, қор нарығын дамыту, акционерлік қоғамдардың қызмет тиімділігін арттыру мақсатында 2003 ж. мамыр айында жаңа заң қабылданды. Осы заңға сәйкес, акционерлік қоғам деп – өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлғаны айтамыз [2]. Ал акция дегеніміз үлесті немесе меншікті куәландыратын бағалы қағаз. Ол акционердің дивидендтер алуына, қоғамды басқаруға қатысуына және қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға құқық береді. Еліміздің негізгі заңдары мен заңнамалық құжаттарына сәйкес акционерлік қоғамдар коммерциялық және коммерциялық емес ұйым нысанында да құрыла алады. Бірақ, олардың өзіндік ерекшеліктері болады.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы белгілі бір акциялар санына бөлінген. Оның ең төменгі мөлшері 50 000 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. Бірақ, бұл мөлшер акционерлік нысанда құрылған инвестициялық қорларға қолданылмайды. Акционерлер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде ғана тәуекел етеді.

Акционерлік қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды нақты құны бойынша төлеуі және акцияларды инвесторларға орналастыру бағасы бойынша сату арқылы қалыптасады. Құрылтайшылардың төлейтін жарғылық капиталдың мөлшері акционерлік қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс. Оны заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап 30 күн ішінде толық төлеуге міндетті. Жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың шешімімен акцияларды шығару және орналастыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін [3, 4].

Талқылаулар мен нәтижелер

Акционерлік қоғамның басқа кәсіпорындардан басты ерекшелігі акциялар шығару құқығының болуы. Осыған байланысты жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акция шығару кезінде ескерілуі тиіс жағдайды атап өтсек, артықшылықты акциялардың саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының 25 пайызынан аспауы тиіс. Акционерлік

қоғам нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар артықшылықты акциялар шығара алмайды [5]. Бұл акция түрлерінің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Жай және артықшылықты акциялардың негізгі белгілері мен айырмашылықтары

№	Айырмашылық белгілері	Жай акция	Артықшылықты акция
1	Акционерлік қоғамды басқаруға қатысу	Акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқығы бар	Акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқығы жоқ
2	Акциялар бойынша дивиденд төлеу	Таза табыс болған жағдайда ғана төленеді.	Табыс көлеміне байланыссыз тұрақты мөлшерде төленеді.
3	Қоғам таратылған жағдайда мүлікті иелену	Мүлікті иелену құқығы бар	Мүлікті иеленудің артықшылықты құқығы бар
Ескертпе – [2] дереккөз негізінде әзірленді.			

Бірінші кестеге түсініктеме беретін болсақ, жай акцияның иесі акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығын иеленеді, ал артықшылықты акцияның иесінің мұндай құқығы болмайды. Сондықтан да кәсіпорынды басқаруға қатыса алмайды. Акция иелері әрбір акция бойынша дивиденд түрінде қосымша табыс табу мүмкіншілігі бар екендігі белгілі. Алайда, жай акцияның иелері компания таза табыс тапқан жағдайда ғана дивиденд ала алса, артықшылықты акция бойынша меншік иесі кәсіпорынның табыс көлеміне қарамастан тұрақты түрде дивиденд алып отырады. Яғни, артықшылықты акциялардың иелері қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын-ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға құқылы. Дивиденд әрқашан да ең алдымен артықшылықты акцияларды иеленушілерге төленеді, ал табыс көлемі жеткіліксіз болған жағдайда резервтік қорды пайдаланады. Қандай да бір себептермен кәсіпорын жабылатын болса акционерлер мүліктің бір бөлігін иелене алады. Мұндай жағдайда артықшылықты акция иелерінің мүліктің бір бөлігіне басым құқығы болады. Демек бірінші кезекте артықшылықты акция иелеріне беріледі, содан кейін ғана жай акция иелеріне бөліп беру қарастырылған.

Акционерлік қоғамның қызметін ұйымдастыру кезінде құрылтайшыларды анықтау, олардың құқықтары мен міндеттерін белгілеудің маңыздылығы жоғары. Қоғамды құру туралы шешім қабылдаған жеке және заңды тұлғалар оның құрылтайшылары болып табылады. Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мемлекеттік мекемелер құрылтайшылар немесе акционерлер бола алмайды. Мемлекеттік кәсіпорын осы кәсіпорынға қатысты меншік иесі мен мемлекеттік басқару органының функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органның келісімімен ғана құрылтайшысы болуға және оның акцияларын сатып алуға құқылы. Шет мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, шетелдік заңды және жеке тұлғалар заң актілерінде және халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен елімізде акционерлік қоғамдар құруға және қызметіне қатысуға құқылы. Акционерлік қоғамның құрылтайшысы жалғыз тұлға болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оны құру туралы шешімді осы тұлға жеке-дара қабылдайды. Құрылтайшылар акционерлік қоғамды құруға байланысты және ол мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін туындаған міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілікте болады [6, 7].

Әрбір кәсіпорынның қызметін жүзеге асыруда құрылтай құжаттарының маңызы жоғары. Акционерлік қоғамда да басқа кәсіпорындардағы сияқты құрылтай шарты мен жарғы негізгі құрылтай құжаттары болып табылады. Құрылтай шарты әрбір құрылтайшының шартқа қол қоюы арқылы жазбаша нысанда жасалып, нотариатпен куәландырылса, жарғы заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады.

Акционерлік қоғамдар қызметінің ұйымдастырушылық аспектілерін қарастырғанда басқару органдары жөнінде де атап өту қажет. Акционерлік қоғамның жоғары органына – акционерлердің жалпы жиналысы, басқару органына – директорлар кеңесі, атқарушы органына – алқалы орган немесе атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға жатқызылады.

Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастыруға (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) рұқсат етіледі және ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғам ерікті және мәжбүрлі түрде таратылуы мүмкін. Ерікті түрде тарату туралы шешім Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кредиторлармен келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады [8].

Мәжбүрлі таратуды заң актілеріне сәйкес сот жүзеге асырады. Сонымен қатар, тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін. Соттың немесе жалпы жиналыстың қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Мұндай комиссияның құрамына кредиторлардың өкілдері, ірі акционердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуге тиіс. Акционерлік қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары еліміздің заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуы қажет.

Акционерлік қоғамның кеңінен таралуы оның салымшыларының сан жағынан шектеусіз қатысу жолымен капиталды жылдам тарту мүмкіншілігі, өзінің салымының акция түріндегі бөлігін еркін сату мүмкіндігі, басқарудың демократиялылығы сияқты маңызды сапалық қасиеттерімен байланысты. Сондықтан да елімізде мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үрдісінің бір бағыты акционерлеу нысанында жүзеге асырылды.

Акционерлік қоғамның жоғары мәнге ие болуының негізгі себептері мыналар:

- ◆ акционерлеу мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірудің негізгі түрі болды;
- ◆ акционерлік нысан табыстарды ұтымды бөлу мен мүліктік қатынастарды нақты анықтауды қамтамасыз етеді:
- ◆ мемлекеттің ірі және орташа кәсіпорындардың иесі ретінде монополиялық құқы бұзылады және соның нәтижесінде меншіктің көпсубъективтілігі, бірлескен нысаны құрылады;
- ◆ акционерлік қоғам жоғары технологиялық деңгейді сақтауды, өнімді өткізу мен өндіріс шығындарының азаюы есебінен экономикалық тиімділікті қамтамасыз етеді;
- ◆ халықтың «еркін» және «артық» ақшалай ақшалай қаржыларының бір бөлігін экономиканың тұтыну секторынан өндіріс секторына аудару үшін жағдай жасайды;
- ◆ акционерлік қоғамда демократиялық қағида әрекет етеді;
- ◆ сыртқы экономикалық қызметті жандандырады [9].

Қоғамдық өндірістің дамуында акционерлік қоғамның рөлі келесілермен анықталады:

- 1) акционерлік қоғам капиталды шоғырландырудың ең тиімді тәсілі болып табылады;
- 2) акционерлік қоғамның құрылуы салалық кедергілерді жоюға мүмкіндік береді және қаржы ресурстарын алмастыру горизонтын кеңейтуге алғышарттар қалыптастырады;
- 3) акционерлеудің арқасында мемлекеттің еркін қаржылық ресурстарымен байланысуға мүмкіндік туындайды;
- 4) акционерлік қоғамдар қор нарығын дамытуға және қор биржасындағы қарым-қатынастарды жетілдіруге жағдай жасайды.
- 5) акционерлік қоғам инвестиция тартудың жетекші нысаны болып табылады және инвестициялық тартымдылықты жақсартуға ықпал етеді [10].

Елімізде кәсіпкерлікті дамытуда акционерлік қоғамдар маңызды рөл атқарады. Себебі, ірі бизнес субъектісі ретінде экономиканың маңызды сфералары мен салаларында қызметін жүзеге асырады. Жоғарыда айтылған акционерлік қоғамдарға тән ерекшеліктер мен артықшылықтар бұл нысанның дамуына оң әсер етуі тиіс. Алайда акционерлік компаниялардың табысты қызметін қамтамасыз ететін институционалдық инфрақұрылымның даму деңгейінің төмендігі теріс ықпалын тигізеді. Ол бірінші кезекте елімізде қор биржасының қалыпты деңгейде дамымауы деп айтуға болады. Сондықтан қор биржасын дамыту бойынша нақты іс-шараларды әзірлеуге көңіл бөлінуі тиіс. Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі де тікелей әсер ететіндігін ескеруіміз қажет. Себебі, қазіргі кезде артық қаржы-қаражаты бар жеке тұлғалар акционерлік компаниялардың акцияларын сатып алуға қарағанда коммерциялық банктерге депозитке салуды дұрыс деп санайды. Шын мәнінде акционерлік қоғамдардың дамуы мен тиімді жұмыс жасауы арқылы акцияның нарықтық бағасының өсуі арқылы ғана емес дивиденд түрінде қосымша табыс табу мүмкіншілігінің болуын түсіне бермейді. Мұның барлығы акционерлік қоғамдардың институционалдық инфрақұрылымын дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Акционерлік қоғамдардың ел экономикасында алатын орны мен маңызы жоғары. Оны келесідей тұжырымдар арқылы негіздеуге болады:

- ♦ құрылтайшылардың салымдары есебінен капитал салымын жасау арқылы басымдыққа ие салалардың дамуын қамтамасыз етеді;
- ♦ өндіргіш күштердің динамикалы дамуын қамтамасыз ететін салаларға бірқатар ресурстар мен қаржыларды шоғырландырады;
- ♦ инвестициялық ресурстарды қоғамдық өндірістің әртүрлі сфералары арасында қайта бөлуге және салааралық интеграцияға жәрдемдеседі;
- ♦ ғылыми-техникалық прогресстің жетістіктерін ұтымды енгізу мен өндірісті модернизациялауға, реконструкциялауға, өндірісті ұтымды басқару мен оның пайдалылығын арттыруға мүмкіндік береді;
- ♦ бірлескен кәсіпорындар құру арқылы шетелдік инвесторларды тартудың тиімді құралы болып табылады.

Еліміздің негізгі заңдары мен заңнамалық актілеріне сәйкес кәсіпкерлікті ұйымдастыру заңды тұлға құру арқылы және заңды тұлға құрмастан жүзеге асырылады. Заңды тұлға құру арқылы іске асыру кезінде ұйымдық нысандардың бірін таңдауы тиіс. Олар: шаруашылық серіктестіктер, өндірістік кооператив және акционерлік қоғам. Зерттеулер мен талдау нәтижелері көрсеткендей көбінесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында кеңінен дамыған. Ал акционерлік қоғам кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысаны ретінде басымдыққа ие болмай отыр. Оның негізгі себептері жоғарыда аталды. Дегенмен, біздің ойымызша акционерлік қоғамдардың кәсіпкерлікті ұйымдастырудың ұтымды нысаны болу әлеуеті жоғары. Акционерлік қоғамдар бірінші кезекте ашықтық қағидатына негізделеді. Ол барлық акционерлер үшін маңызды шарт болып табылады. Акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқығының болуы мен дивиденд түрінде қосымша табыс табу мүмкіншілігінің болуы қатысушылардың ортақ мүдде үшін жұмыс жасауына негіз болады. Сондықтан акционерлік қоғамдардың тиімділігін арттыруға мүдделілік пен ынтаның жоғары болуы оның даму болашағына өзіндік ықпалын тигізеді. Жалпы алғанда акционерлік қоғам нысанында кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен дамыту тек микро деңгейде ғана емес макро деңгейде маңызды болып табылады.

Ел Президентінің экономикалық реформаларды жүзеге асыру бойынша тапсырмаларын іске асыруда, сондай-ақ, ірі холдингтік компаниялардың қызмет нәтижелері мен ұлттық экономика үшін тиімділігіне қатысты айтылған сын-ескертпелерді жою кезінде акционерлік қоғамдар қызметін ұйымдастыруды жетілдіру және тиімділігін арттыру маңызды орынға ие болады. Сондықтан да акционерлік қоғамдардың қызметіне қатысты ұйымдастырушылық-экономикалық аспектілерін ғылыми негізде зерттеу және нақты нәтижелерін іс-жүзінде дұрыс қолдана білу қажеттілігі туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 01.09.2021 ж. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>

2 Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ заңы (2021.02.01 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51039594

3 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі: 2021 жылғы 1 ақпанға дейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген нұсқасында. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_

4 Функ Я.И. Акционерное общества: история и теория. – Минск, 2019. – 156 с.

5 Карагусов Ф. О статусе акционерных обществ и правовом институте ценных бумаг в новейшем законодательстве Республики Казахстан // Предприниматель и право. – 2013. – № 13–14 – С. 25–30.

6 Кунсеркин Ж. Порядок и условия совершения крупных сделок акционерными компаниями // Предприниматель и право. – 2018. – № 9 – С. 2–36.

7 Берзон Н.И., Ковалев А.П. Акционерное общество: капитал, правовая база, управление: практ. пособие для экономистов и менеджеров. – М.: Финстатинформ, 2005. – 156 с.

- 8 Климкин С.И. Правовые формы предпринимательства. – Алматы: Баспа, 1997. – С. 80–89.
- 9 Иванов А.И. Акционерное общество: теория и практика. М.: Инфра-М, 2020.
- 10 Управление и корпоративный контроль в акционерном обществе / Под ред. Е.Г. Петрова. – М.: Юристъ, 2017.

REFERENCES

- 1 «Halyq birligi jáne júieli reformalar – el örkendeuiniñ berik negizi. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna joldauy. 01.09.2021 j. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakistan-halkyna-zholdauy-183555>. (In Kazakh).
- 2 Aksionerlik qoǵamdar turaly 2003 jylǵy 13 mamyrdaǵy № 415-II zańy (2021.02.01 berilgen ózgerister men tolyqtyrularmen). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51039594. (In Kazakh).
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ azamattyq kodeksi: 2021 jylǵy 1 aqpanǵa deingi ózgerister men tolyqtyrular engizilgen núsqasynda. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_. (In Kazakh).
- 4 Funk Ja.I. (2019) Akcionernoe obshhestva: istorija i teorija. Minsk, 156 p. (In Russian).
- 5 Karagusov F. (2013). O statuse akcionernyh obshhestv i pravovom institute cennyh bumag v novejšem zakonodatel'stve Respubliki Kazahstan // Predprinimatel' i pravo. No. 13–14. P. 25–30. (In Russian).
- 6 Kunserkin Zh. (2018) Porjadok i uslovija sovershenija krupnyh sdelok akcionernymi kompanijami // Predprinimatel' i pravo. No. 9. P. 2–36. (In Russian).
- 7 Berzon N.I., Kovalev A.P. (2005) Akcionernoe obshhestvo: kapital, pravovaja baza, upravlenie: prakt. posobie dlja jekonomistov i menedzherov. M.: Finstatinform, 156 p. (In Russian).
- 8 Klimkin S.I. (1997) Pravovye formy predprinimatel'stva. Almaty: Baspa. P. 80–89. (In Russian).
- 9 Ivanov A.I. (2020) Akcionernoe obshhestvo: teorija i praktika. M.: Infra-M, (In Russian).
- 10 Upravlenie i korporativnyj kontrol' v akcionernom obshhestve / Pod red. E.G. Petrova. M.: Jurist', 2017. (In Russian).

Р.К. ЕЛШИБАЕВ,*¹

к.э.н., ассоциированный профессор.
*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

А.М. ДЖУСУПОВА,²

докторант.
e-mail: 20210584@turana-edu.kz

Н.Е. АБДИЛЬДИНОВА,³

PhD.
e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

Д. СЕРАФИМОВА,⁴

PhD.
e-mail: serafimova_d@ue-varna.bg

¹Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

²Университет «Туран», г. Алматы, Казахстан

³Esil University, г. Нур-Султан, Казахстан

⁴Экономический университет – Варна, г. Варна, Болгария

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ АКЦИОНЕРНОЙ ФОРМЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Аннотация

В статье рассматриваются особенности организационных форм предпринимательства: акционерные общества. На основе изучения основных законов и законодательных актов об акционерном обществе систематизированы основные правила по открытию и организации деятельности акционерной формы предприятий. Выявлены предпосылки для создания и эффективного функционирования акционерных обществ. Рассмотрены вопросы формирования уставного капитала, основные виды, особенности и различия акций, а также их роль в деятельности общества. Подробно изучены основные учредительные документы акционерного общества, органы управления, условия ликвидации и реорганизации. В данном случае акционерное общество рассматривается как особая форма организационно-правовой формы предприятия, а также определена ее взаи-

мосвязь с фондовым рынком. Выявлены основные преимущества акционерных обществ и сделаны выводы об их значении и роли в системе национальной экономики. Роль акционерных обществ в развитии экономики обоснована конкретными выводами. Рассмотрены важность и необходимость акционерного общества в развитии предпринимательства в стране. Выявлены препятствия для развития акционерных обществ с учетом их особенностей по сравнению с другими организационными формами. Недостаточное развитие фондового рынка в Казахстане оказало существенное влияние на деятельность акционерных обществ. Поэтому одним из ключевых вопросов является развитие фондового рынка, повышение инвестиционной привлекательности акционерных обществ, их ликвидности и рыночной стоимости акций.

Ключевые слова: акция, совет директоров, дивиденд, уставный капитал, инвестор, собрание акционеров, капиталовложение.

R.K. YELSHIBAYEV,*¹

c.e.s., associate professor.

*e-mail: rakymzhan.yelshibayev@bk.ru

A.M. DZHUSSUPOVA,²

PhD student.

e-mail: 20210584@turan-edu.kz

N.E. ABDILDINOVA,³

PhD.

e-mail: nailya_abdildinova@mail.ru

D. SERAFIMOVA,⁴

PhD.

e-mail: serafimova_d@ue-varna.bg

¹Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

²Turan University, Almaty, Kazakhstan

³Esil University, Nur-Sultan, Kazakhstan

⁴University of Economics – Varna, Varna, Bulgaria

FEATURES OF THE ORGANIZATION OF THE JOINT-STOCK ENTREPRENEURSHIP

Abstract

The article deals with the peculiarities of organizational forms of entrepreneurship: joint-stock companies. On the basis of the study of basic laws and legislative acts on joint-stock company the basic rules on the opening and organization of joint-stock form of enterprise are systematized. The prerequisites for creation and effective functioning of joint stock companies are revealed. The issues of formation of the authorized capital, the main types, features and differences of shares, as well as their role in the activities of the company are considered. The basic constituent documents of a joint stock company, management bodies, conditions of liquidation and reorganization are studied in detail. In this case, the joint stock company is considered as a special form of organizational and legal form of enterprise, and its relationship to the stock market is defined. The main advantages of joint-stock companies are revealed and conclusions about their significance and role in the system of national economy are drawn. The role of joint stock companies in the development of the economy is substantiated by specific conclusions. The importance and necessity of joint-stock company in the development of entrepreneurship in the country were considered. The obstacles to the development of joint stock companies, taking into account their features in comparison with other organizational forms were revealed. Insufficient development of the stock market in Kazakhstan has had a significant impact on the activities of joint stock companies. Therefore, one of the key issues is the development of the stock market, increasing the investment attractiveness of joint stock companies, their liquidity and market value of shares.

Key words: share, board of directors, dividend, authorized capital, investor, shareholders' meeting, capital investment.